

Білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне селолық жерлерде жұмыс істегені үшін, экологиялық апат аймағында тұрғаны үшін, сынып жетекшілігі үшін, жазба жұмыстарын, дәптерлерін тексергені үшін, оқу кабинетінің меңгерушілігі үшін, пәндерді тереңдетіп оқытқаны үшін қосымша ақы мен басқа да төлемдер туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 7 желтоқсан N 1876. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.12.29. N 1927 қаулысымен. ~P001927

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Z990389_ Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне селолық жерлерде жұмыс істегені үшін, экологиялық апат аймағында тұрғаны үшін, сынып жетекшілігі үшін, жазба жұмыстарын, дәптерлерін тексергені үшін, оқу кабинетінің меңгерушілігі үшін, пәндерді тереңдетіп оқытқаны үшін қосымша ақы мен басқа да төлемдердің мөлшерлері бекітілсін.

2. Ынталандыру сипатындағы төлемдер бюджеттік қаражаттан жалақының кепілдікті бөлігі бойынша берешектер болмаған жағдайда ғана жүргізіле алады.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы 7 желтоқсандағы
N 1876 қаулысымен бекітілген

Білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне селолық жерлерде жұмыс істегені үшін, экологиялық апат аймағында тұрғаны үшін, сынып жетекшілігі үшін, жазба жұмыстарын, дәптерлерін тексергені үшін, оқу кабинеттерінің меңгерушілігі үшін, пәндерді тереңдетіп оқытқаны үшін қосымша ақы мен басқа да төлемдердің мөлшерлері

N	Қосымша ақылардың, үстеме ақылардың және басқа да төлемдердің атауы	Айлық лауазымдық жалақы. ларға (тарифтік ставкалар. ға) қосылатын қосымша ақылар мен үстеме ақылардың мөлшері
1	2	3

Сынып жетекшілігі үшін қосымша ақы

- 1 Мұғалімдерге, оқытушыларға және басқа да қызметкерлерге сынып жетекшілігі үшін (топ жетекшілігі үшін):

1-4 сыныптар	10%
5-11 (12) сыныптар	15%
кәсіптік мектептер, орта кәсіптік оқу орындары	10%

Дәптерлер мен жазба жұмыстарын тексергені үшін қосымша ақы

- 2 1-4 сынып мұғалімдеріне дәптерлерді тексергені үшін 10%
- 3 Орыс мектептердегі қазақ және басқа да ұлт тілдерінің және ұлттық мектептердегі орыс тілінің мұғалімдеріне, бұл пәндерді 1-4 сыныптарда жүргізетіндерге, дәптерлерді тексергені үшін 10%
- 4 5-11(12) сыныптардың мұғалімдеріне, оқытушы. ларға жазба жұмыстарын тексергені үшін:
 - қазақ, орыс, басқа да ұлттық тілдер мен

әдебиеті бойынша; 15%
- математика, химия, физика, биология, шет
тілдері, стенография, сызу, конструктрлеу, 10%
техникалық механика бойынша

Оқу кабинеттерінің меңгерушілігі үшін қосымша ақы

- 5 Өндірістік оқыту мұғалімдеріне, оқытушыларына, шеберлеріне және оқытушылық қызметті жүргізетін басқа да қызметкерлерге, мектептер мен мектеп-интернаттарда, орта және бастауыш кәсіптік оқу орындарында оқу кабинеттерінің (лабораториялардың) меңгерушілігі үшін. 10%

Қосымша ақы оқу жабдықтарының үлгі тізіліміне сәйкес аттестацияланған және оқу жоспарында көзделген оқу кабинеттері мен лабораториялар үшін ғана жүргізіледі

Қызметтерді қоса атқарғаны үшін қосымша ақы

- 6 Орта кәсіптік және бастауыш кәсіптік білім беру 20%-ке дейін ұйымдарының оқытушылары мен басқа да қызметкерлеріне кешкі, сырттай оқу бөлімдерінің, мамандық бойынша бөлімдердің меңгерушілігі үшін
- 7 Директорлық лауазым көзделмеген мектепке (сыныптарға) басшылық жасағаны үшін - мұғалімдердің біреуіне, сондай-ақ, күндізгі жалпы білім беретін мектептердің жанындағы күндізгі-сырттан оқыту сыныптарына басшылық үшін - директорға:
- бастауыш мектептердегі оқушылар санына қарай:
- | | |
|----------------------|--------------|
| 160-қа дейін | 10%-ке дейін |
| 161-ден 240-қа дейін | 15%-ке дейін |
- жалпы білім беретін мектептердің жанындағы жұмысшы жастардың кешкі (сменалық) жалпы орта білім беретін мектептері мен сыныптарында оқушылардың санына қарай:
- | | |
|---|--------------|
| 60-қа дейін | 10%-ке дейін |
| 61-ден 80-ге дейін (қалалар мен жұмысшы поселке. лерінде) | 15%-ке дейін |

- 8 Кітапханашы қызметі жоқ барлық үлгілер мен атаулардағы мектептерде, мектеп-интернаттарда, 10%-ке дейін кәсіптік мектептерде оқулықтар даналарының санына қарай мұғалімдер мен басқа да қызметкерлерге оқулықтардың кітапханалық қорымен жұмыс істегені үшін
- 9 Жалпы білім беретін мектептің, орта музыкалық және өнер мектептерінің (директор лауазымы көзделмеген бастауыш мектептердегі мұғалімге) хор, хореографиялық училищелердің директорларына оқу орнының немесе мектептің жанындағы оқушылардың (тәрбиеленушілердің) саны төмендегідей интернатқа меңгерушілігі үшін қосымша ақы белгіленеді:
- | | |
|---------------------|--------------|
| 20-ға дейін | 5%-ке дейін |
| 21- ден 40-қа дейін | 10%-ке дейін |
| 41-ден 75-ке дейін | 15%-ке дейін |
| 76-дан 120-ға дейін | 20%-ке дейін |
- Тәрбиеленушілердің саны 120-дан асатын интернаты бар орта музыкалық және өнер мектептерінің директорларына 25%-ке дейін
- 10 Директорлардың әкімшілік-шаруашылық бөлімі жөнін. 10%-ке дейін жегі орынбасарларына (шаруашылық меңгерушілеріне) немесе басқа да қызметкерлерге жалпы білім беретін мектептердің жанындағы интернаттарда, өнер орта кәсіптік оқу орындарының жанындағы интернаттарда олардың штатында бұл қызметтер болмаған жағдайда шаруашылық меңгерушісі қызметін атқарғаны үшін

Еңбектің айрықша жағдайлары үшін қосымша ақы

- 11 Балалар үйінің, балалар үйі-интернатының, интернаттық ұйымдардың, кәмелетке толмағандарды қабылдау-бөлу орындары мен тәрбие-еңбек колонияларының, арнаулы кәсіптік мектептердің, арнаулы мектептердің және тәрбиелеудің ерекше жағдайын қажет ететін мінез құлқы ауытқулы балалар мен жасөспірімдерге арналған басқа да ұйымдардың аға тәрбиешілеріне 15%-ке дейін

- 12 Арнаулы мақсаттағы кемінде екі тобы (сыныбы) бар, 15%-ке дейін жалпы үлгідегі оқу-тәрбие ұйымының басшыларына қосымша ақы олардың ақыл-ой және дене дамуында кемістігі бар, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ұзақ емделуді, тәрбиелеудің ерекше жағдайларын қажет ететін оқушылармен (тәрбиеленушілермен, балалармен) қарым-қатынас. ының деңгейі мен ұзақтығына қарай жүргізіледі.
- 13 Дамуы мен оқу мүмкіндігі шектеулі, сондай-ақ тәрбиелеудің ерекше жағдайын немесе ұзақ емделуді қажет ететін балалармен және 20%-ке дейін жасөспірімдермен жүргізген жұмысы үшін*)
- 14 Кәмелетке толмағандарға арналған қабылдау-бөлу 20%-ке дейін орындарындағы және тәрбие-еңбек колонияларындағы, еңбекпен түзеу ұйымдарының жанындағы кәсіптік мектептердегі, мектептердегі, кешкі (сменалық) жалпы білім беретін орта мектептердегі және оқу-консультациялық пункттердегі, еңбекпен түзеу және емдеу-еңбек профилакторияларындағы және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі. нің мінез-құлқы ауытқымалы балалар мен
- 15 жасөспірімдерге арналған басқа да ұйымдарындағы 20%-ке дейін жұмысы үшін*)
- 16 Жабық үлгідегі арнаулы оқу-тәрбие ұйымдарындағы 15%-ке дейін жұмысы үшін*)
- 17 Жетім балалармен және ата-анасының қамқорлығынсыз 35%-ке дейін қалған балалармен жұмысы үшін**)
- 18 Түнгі уақыттағы жұмыс үшін 12%-ке дейін Қолданылып жүрген еңбек заңдарына сәйкес еңбектің қолайсыз жағдайлары үшін

Салалық бағыттағы жекелеген пәндерді тереңдетіп оқыту үшін қосымша ақы

- 19 Мамандандырылған мектептер мен дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың директоры мен директорының орынбасарларына, сондай-ақ салалық 30%-ке дейін бағыттағы пәндер бойынша оқытушыларына

Ескертулер:

1. Селолық жерлерде жұмыс істейтін білім беру мамандарына Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жергілікті уәкілетті органдардың шешімі бойынша жалақылары мен тарифтік ставкалары, қызметтің осы түрімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың ставкаларымен салыстырғанда, кемінде 25 процентке жоғарылатып белгілене алады.

2. Экологиялық зілзала және радиациялық тәуекелді аймақтарда тұрғаны үшін қосымша ақы Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңдарына сәйкес төленеді.

3. Осы Қосымшаның 1-19-тармақтарында көзделген қосымша ақының мөлшерлері басқа қосымша ақылар мен үстеме ақылар есептелмеген, лауазымдық ақыға (тарифтік ставкаға) төленеді.

4. Білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне 1999 жылдың 1 қыркүйегінен бастап, Қазақстан Республикасының жоғары білікті ғылыми кадрларды аттестаттау саласындағы уәкілетті органы берген тиісті дипломы болған жағдайда, ғылым кандидаты және ғылым докторы ғылыми дәрежелеріне, ғылым кандидаты үшін бір айлық ең төменгі жалақының және ғылыми докторы үшін екі айлық ең төменгі жалақының мөлшерінде қосымша ақы белгіленеді.

Аталған қосымша ақы білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне, егер олардың басшы және педагогикалық лауазымдардағы қызметі бейіні бойынша ғылыми дәрежелеріне сәйкес келген жағдайда жүргізіледі.

Бұл ретте педагог қызметкерлерге ғылыми дәрежесі үшін қосымша ақы оқу жүктемесіне (орындалған жұмыстың көлеміне) қарай жүргізіледі.

Педагогтік жұмысты жүргізуші білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне "Халық мұғалімі", "Еңбек сіңірген мұғалім" деген құрметті атақтары немесе ғылыми дәрежелері болған жағдайда, қосымша ақы мен үстеме ақы негізгі жұмысы бойынша төленеді.

Білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне "Халық мұғалімі", "Еңбек сіңірген мұғалім" деген құрметті атақтары және сонымен бірге ғылыми дәрежелесі болған жағдайда қосымша ақы мен үстеме ақы негізгі жұмысы бойынша атағына да, ғылыми дәрежесіне де жеке төленеді.

5. Мектептер мен мектеп-интернаттардағы (даму және оқу мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнаулы түзеу ұйымдарынан басқа) 15-тен кем оқушысы бар сыныптарда сынып жетекшілігі және жазба жұмыстарды тексергені үшін лауазымдық жалақысына (ставкаларына) қосымша ақы төлеу тиісті қосымша ақылардың 50% мөлшерінде жүргізіледі. Осы тәртіп сыныптарды кіші

топтарға бөлу кезінде де қолданылады.

6. Жазғы, күзгі, қысқы және көктемгі каникулдар кезінде білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне жалақы, олардың лауазымдық жалақысының (тарифтік ставкаларының) 100 проценті мөлшерінде, жоғарыда аталған қосымша ақылар, үстеме ақылар және апталық оқу жүктемесінен артық жүктеме есептелместен төленеді. <*>

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.01.18. N 90 қаулысымен. P000090_

*) Лауазымдық еңбекақысына қосымша ақы төленетін қызметкерлердің нақты тізбесі мен бұл арттырудың мөлшерін, олардың аталған санаттағы оқушылармен (тәрбиеленушілермен, балалармен) қарым-қатынасының ұзақтығы дәрежесіне қарай ұйымының басшысы айқындайды.

**) Балалар үйінде, балалар мектеп-интернаттарында, жетім балалар мен

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және дене немесе ақыл-ой дамуында кемісі бар, ұзақ емдеуді қажет ететін, психикалық дамуы бөгелген балалардың контингенті бар балаларға арналған мектеп-интернаттарда (сыныптарда, топтарда) тарифтік ставкалар мен лауазымдық жалақы екі негіздеме бойынша арттырылды (жетім балалармен және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалармен жұмыс үшін және дамуы мен оқу мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс үшін).

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.